



ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯ

саяси диалогтың тиімді жолдарының бірі

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№54 (6616) 17 маусым, сейсенбі, 2025 жыл.

www.aqshamnews.kz



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МАРТЕБЕЛІ МЕЙМАН

Астанада екінші «Орталық Азия – Қытай» саммиті өтеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға сапармен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин келді. Қытай көшбасшысы мінген бортты ел шекарасынан елордаға дейін Қазақстан Республикасы Әуе қорғаныс күштерінің ұшақтары алып жүрді.

Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді Астана әуежайынан қарсы алды. Трапта Құрмет қарауылының ротасы сап түзеді. Мәртебелі мейманға Қазақстан мен Қытай туларын ұстаған жеткіншектер қошемет көрсетті. Елорда әуежайының терминалында Төраға Си Цзиньпинге балалар қазақ және қытай тілдерінде сәлемдесіп, күтіп алды. Содан соң өнерпаздар қос халықтың ұлттық билерін билеп, ерекше ілтипат білдірді.

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, сапар

барысында жоғары деңгейдегі екіжақты кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері талқыланды. 17 маусымда Астанада аймақтағы мемлекеттер басшыларының қатысуымен екінші «Орталық Азия – Қытай» саммиті өтеді. Бұл сапар аясында өткен шаралар жайлы толығырақ газетіміздің интернет-ресурсынан оқыңыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР СОЗБАЛАҢҒА САЛЫНБАУЫ КЕРЕК

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапарымен мегаполистегі маңызды деген бірнеше әлеуметтік нысанды, атап айтсақ, Түркісіб ауданындағы әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылым ғимараттарын аралап шықты.

Сумен жабдықтау жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталуы тиіс

Шаһар басшысы «Нұршашқан» шағын ауданындағы ауызсу, кәріз және электр желілері бойынша инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысымен, сондай-ақ «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылып жатқан «Нығмет» скверіндегі жұмыстармен танысты.

Тұрғындар жарықтың жиі сөніп қалатынын, судың да тұрақсыз берілетінін мәселе етіп көтерді.

– Қосалқы станцияны шеңберлі жүйеге қоспайынша, қуат көзі тұрақты болмайды, бұл туралы маған енді ғана баяндалып отыр. Мұнда станция салынды, енді желіні қосу қажет. Халық тұратын аумақ арқылы өткізуге




тұрғындар қарсы болған, бірақ қазір келісімге келген, – деді Дархан Сатыбалды.

Сумен жабдықтау бойынша жобадағы кемшіліктерге байланысты қала әкімі қазіргі мердігермен жұмысты аяқтауды және

мерзім бұзылған жағдайда басқа ұйымды тартуды тапсырды. «Бұл жобаны жылыту маусымы басталғанға дейін аяқтау қажет», – деп атап өтті қала басшысы.

2

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Түркі мемлекеттері:

ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯ


саяси диалогтың тиімді жолдарының бірі

11-12 маусымда Астана-да Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV жалпы отырысы өтті. «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» тақырыбы аясында өткен жиында Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов төрағалық етті. Одан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше елдер парламенттерінің спикерлерімен кездесті. Жоғары деңгейде өткен жиындарға сарапшылар аса мән берді. Себебі, парламенттік диалог түркі елдері арасындағы саяси байланыс үшін маңызды. Осыған орай, мақалада аталмыш ұйымның саяси маңызын талдаймыз.

ТүркПА – маңызды құрылым

Соңғы жылдары Түркі елдері арасындағы интеграциялық үдеріс қарқынды жүруде. Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОИ, Халықаралық түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры және өзге де интеграциялық ұйымдар аясында байланыс нығаюда. Осы ұйымдардың ішінде ТүркПА ерекше мәнге ие. Себебі, парламенттік дипломатия саяси диалогтың тиімді жолдарының бірі.

Түркі мемлекеттері ұйымы негізгі саяси институт болып табылады. Онда мемлекет басшылары кеңесі, сыртқы істер министрлері кеңесі секілді органдар ұйымның, жалпы Түркі әлемінің саяси даму бағытын айқындайды. Саяси ерік-жігерсіз интеграциялық үдеріс жүзеге аспайды. Ал парламенттік диалог пен дипломатия заңнамалық интеграцияны қамтамасыз етеді. Басшылардың саяси ерік-жігері мен бастамалары құжат ретінде қабылдануы тиіс.



(Дереккөз: Akorda.kz).

Заңнамалық өзгерістер құжатқа айналуы үшін депутаттар талқылауынан өтеді. Талқылаулар бір ел ішінде ғана емес, мүше елдер арасында да жүреді. Бұл үдеріс парламенттік дипломатия арқылы жүзеге асады. Сондықтан Астана ТүркПА ұйымына мән беруде.

Ұйымның мәні мен маңызына Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше тоқталды: «Парламенттік Ассамблея – өте маңызды саяси құрылым. Қазақстан бұл Ұйымды барынша қолдайды. Қазір Парламенттік Ассамблея аясындағы бірлескен күш-жігеріміздің арқасында түркі ынтымақтастығы жылдан-жылға нығайып келе жатыр. Бұл – өте жақсы үдеріс, себебі тұтас түркі жұртының халықаралық беделі мен ықпалы да арта түсуде. Ең бастысы, елдеріміздің арасында өзара жақындасуға деген талпыныс бар. Қазақстан алдағы уақытта да түбі бір түркі халықтарының жан-жақты ынтымақтастығын дамыта беруге мүдделі», – деді Мемлекет басшысы ТүркПА парламенттері спикерлерімен кездесуде.

Интеграциялық үдерістің қарқынын арттыру қажет

Біз жоғарыда Түркі елдерінің интеграциялық үдерісіне оң әсер етіп келе жатқан бірнеше бірлескен ұйым бар екенін атап өттік. 2021 жылы кеңес Түркі мемлекеттері ұйымына айналды. Бұдан бөлек, салалық түрлі ұйымдар бар.

Түркі мемлекеттері ұйымы формальды түрде олардың барлығына басшылық жасайды. Алайда, толыққанды интеграциялық үдерістің қарқынын әлі де арттыру қажет. Ол үшін парламенттік дипломатияны жоғары деңгейге көтерген жөн. Ал сарапшы Нұрболат Нышанбаевтың пікірінше, Парламенттік Ассамблея барынша институционалды сипатқа ие болуы тиіс. «Түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық үдерістер соңғы онжылдықта тек үкіметаралық диалогпен шектелмей, институционалдық сипатқа ие бола бастады. Парламенттік Ассамблея форматы – көп-

жақты саяси қатынастарды құқықтық және өкілеттілік деңгейде тереңдетудің пәрменді құралы ретінде қалыптасқанын көріп отырмыз. 11-12 маусымда Астанада өткен TURKPA-ның 14-пленарлық сессиясы – осы үдерістің заңды жалғасы. Меніңше, бұл іс-шараның мақсаты тек Түркі елдерінің парламент төрағалары мен саяси элитасының бір алаңда жиналуымен ғана емес, нақты саяси бастамаларды құқықтық құрылымға айналдыруға деген ұмтылыстың айғағы. Түркі мемлекеттері ұйымы аясында қол алынып жатқан ортақ алфавит, ортақ цифрлы валюта, тағы басқа да маңызды жобалардың құқықтық базасы, осындай алаңдарда қалыптасады», – деп тұжырымдайды сарапшы.

Стратегиялық мақсат

ТүркПА 2008 жылғы 21 қарашада Түркия Республикасының Стамбул қаласында орналасқан «Долмабахче сарайында» қол қойған келісімге сәйкес құрылды. Құжатқа Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия парламенттерінің басшылары қол қойған. Сондықтан ұйымның негізін қалаушы ретінде тарихта қалды. Жалпы, 2007-2008 жылдардағы қаржы дағдарысы әлемдегі интеграциялық үдерістердің жандануына түрткі болды.

2009 жылғы 29 қыркүйекте Әзербайжан астанасы Бакуде ұйымның алғашқы пленарлық отырысы өтті. Пленарлық отырыста ТүркПА Регламенті, Хатшылықтың Регламенті және Баку декларациясы, сондай-ақ Баку қаласында Хатшылықты тұрақты орналастыру туралы мәлімдеме қабылданды. Бұдан ұйымды құру Бакудің басты стратегиялық мақсаты болғанын көреміз. Соңғы жылдары болған геосаяси оқиғалар Әзербайжанның дұрыс бағыт ұстанғанын дәлелдеп отыр. Біздің ойымызша, Баку бұл бағыттағы стратегиялық бағытын жалғастыра бермек.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



Дархан САТЫБАЛДЫ:

ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР СОЗБАЛАҢҒА САЛЫНБАУЫ КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

Мерзім мен сапа – қала әкімінің жеке бақылауында!

Әкім «Әлмерек» және «Маяк» шағынауданда-рындағы су, кәріз желілерін тарту және электр желілерін жаңарту жобаларымен де танысты. Сонымен қатар, отбасылық-дәрігерлік амбулатория мен балабақшаның құрылыс учаскелері де тексерілді. Ауданның көлік байланысын жақсартуға маңызды ықпалы бар Кіші Алматы өзені арқылы өтетін көпір өткелінің аяқталуына ерекше назар аударылды. Дархан Сатыбалды жағалау аумағын абаттандырудың маңыздылығын атап өтті.

– Мен, өз басым, жасыл желек пен қоғамдық кеңістіктің көбірек болғанын қолдаймын. Бұл халықтың мәдениетін өзгертеді деп сенемін, – деді әкім.

Одан бөлек, шаһар басшысы Хмельницкий көшесін Талғар тасжолына дейін жалғастыру жобасын қарады. Бұл жоба қаланың шығыс бөлігіндегі көлік жүктемесін азайтып, қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

– Бұл – қозғалыстың маңызды күретамыры. Жобаның жүзеге асырылуы созбалаңға салынбауы керек. Мерзім мен сапа – менің жеке бақылауымда, – деп атап өтті шаһар басшысы.

Метро құрылысын арнайы штаб қадағалайды

Дархан Сатыбалды «Қалқаман» жаңа метро бекетінің құрылыс барысын тексерді. Жобаға сәйкес, қолданыстағы «Бауыржан Момышұлы» бекетінен салынып жатқан «Қалқаман» станциясына дейінгі аралықтағы туннельдердің ұзындығы 1,98 шақырым болады. Бүгінгі күні сол жақ бағыттағы тоннель толық

қазылып біткен, ал оң жақ бағытта 887 метр жер қазылған.

«BCN group» директорлар кеңесінің төрағасы Александр Беловичтің айтуынша, туннель қазу жұмыстарымен бір уақытта станцияның құрылысы да белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргі күні желдету ұңғымасы салынды, қазу жұмыстары аяқталды, ал бетон құю жұмыстары 28 пайызға орындалды.

– Нысанды 2026 жылдың қаңтар айына дейін толық аяқтау үшін құрылыс қарқынын арттыру қажет. Осы мақсатта арнайы штаб құрылатын болады. Оның құрамына қала әкімінің сала бойынша орынбасары, тиісті басқарма басшылары, мердігер ұйым өкілдері, сондай-ақ техникалық және авторлық қадағалау мамандары кіреді. Штаб отырыстарында жұмыстың барысы апта сайын талқыланып, қатаң бақылауда болады, – деді Алматы әкімі.

Құрылыс алаңында қала әкіміне метро желісін әрі қарай кеңейту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы да баяндалды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмриннің айтуынша, «Қалқаман» станциясынан «Барлық» базарына дейінгі аралықта тағы үш бекетті қамтитын жаңа бағыттың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалған. Жобаны құрылыс басталған сәттен бастап үш жыл ішінде жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, «Жібек жолы» станциясынан халықаралық әуежайға дейінгі екінші желінің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп жатыр. Ал «Сайран» станциясынан Алатау қаласына дейінгі үшінші желінің жобасын әзірлеуге байқау жарияланған.

– Біз «Барлыққа» дейінгі желі құрылысын күтіп отырмай, метроның тағы екі желісінің құрылысын қатарынан бастауды қарастыруымыз керек. Яғни үш жыл күтпей, барлық желі бойынша жұмыс қатар жүруі тиіс. Жалпы, метро – Алматы қаласының көлік жүйесінің маңызды элементі. Ол қала тұрғындарының қозғалы-

сын жеңілдетіп, күн сайын қала жолдарымен жүретін көлік санын азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан метрополитенді дамытуға ерекше назар аударылатын болады, – деді Дархан Сатыбалды.

Тriage-сұрыптау жүйесі енгізіледі

Шаһар басшысы №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміндегі қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен де танысты. Бұл – тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсететін, мегаполистегі маңызды көпсалалы медициналық мекемелердің бірі. Қабылдау бөліміне тәулігіне орта есеппен 250-300 науқас түседі. Жылына клиникада 12 500-ге дейін ота жасалады.

Жаңғырту жобасы жалпы ауданы 7 мың шаршы метрге жуық 5 бөлім мен 4 блокты қамтиды. Негізгі мақсат – қабылдау бөлімін кеңейту, халықаралық triage-сұрыптау жүйесін енгізу, жаңа операциялық залдар ашу, 12 төсектік шұғыл ОАРИТ бөлімін құру, сондай-ақ өңірлік травматология және ортопедия орталығын қалыптастыру. Қайта жаңғыртуды аяқтау мерзімі келер жылғы ақпан деп белгіленген.

Дархан Сатыбалды мердігер ұйымдарға барлық кезеңде жоғары сапаны қамтамасыз ете отырып, белгіленген мерзімдерге қатаң мән беруді тапсырды.

Жұмыс сапары аясында қала әкіміне онкологиялық орталықтың қазіргі жағдайы туралы баяндалып, 250 төсек-орынды көпсалалы аурухана мен бір ауысымда 350 келушіні қабылдай алатын кеңес-диагностикалық орталықтың құрылыс жобасы ұсынылды.

Қала әкімі бейінді инфрақұрылымды дамыту мен халыққа жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛІШ, Досбол АТАЖАН



ЭКОНОМИКА

Шикізат пен технология тоғысы:

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ

өзара тиімді экономикалық байланыс болашағы жарқын

XXI ғасырдың алғашқы ширегі Орталық Азия елдері үшін мүмкіндік пен сынаққа толы, өзгермелі кезең болып тұр. Аймақтағы ықпалды күштермен байланысын жүйелеу – Орталық Азия елдерінің ішкі бірлігі мен ортақ көзқарасына тікелей байланысты. Соңғы бес жылда Қытайдың өңірдегі ықпалы арта түсті. Жаһандық саясаттағы өзгерістер мен сауда тораптарының жаңаруы Қытай үшін сауда логистикалық бағытта баламалы сауда жолын қалыптастыруға серпін жасады. Геосаяси тұрғыдан Қытай үшін Орталық Азия елдері Батысқа шығатын басты «қақпаға» айналды. 2013 жылы жарияланған «Бір белдеу, бір жол» жобасының жалғасы іспетті өңірде түрлі экономикалық, логистикалық жобалар сәтті жүзеге асып отыр. Қытайдың Еуропаға тасымалданатын сауда айналымының 90%-дан астамы теңіз жолы арқылы, Суэц каналымен жіберіліп келсе, соңғы жылдары Таяу Шығыстағы саяси тұрақсыздық нәтижесінде қытайлық экспорт бағыты құрлықтық жолға ауысып, «Бір жол, бір белдеу» бағыты аясында тауар тасымалының көлемі артуда. Соңғы ширек ғасырда Қытай ішкі нарықта өсімге қол жеткізіп қоймай, әлемнің барлық аймақтарында экономикалық ықпалын арттырды. Қазірде Орталық Азия аймағы Қытай үшін шикізат көздеріне қол жеткізудің төте жолына айналған. Мақаламызда Қытай мен Орталық Азия елдерінің сауда экономикалық байланысының бүгіні мен болашағын талдап көрелік.

Ең ықпалды серіктес кім?

2021 жылы Қытай мен Ресейдің Орталық Азия елдерімен сауда айналымы шамамен тең деңгейде еді. Ресейдің Орталық Азиядағы сауда айналымының көрсеткіші – 36,7 млрд. доллар болса, Қытайдың көрсеткіші – 35,2 млрд. дол-



(Дереккөз: www.sputnik.kz).

ларды құраған. Алайда, экономикалық теңгерім ұзаққа созылмады. Қытайдың сауда қарқыны бірнеше жыл ішінде елдің сауда көлемін еселеп арттырып, 2024 жылы 94,8 млрд. долларға жеткізсе, Ресей тек 44,7 млрд. доллармен шектелді. Бұл – Қытайдың небәрі үш жыл ішінде сауда айналымын екі еседен астам өсіріп, аймақта Ресейді бірнеше есе басып озғанының айғағы. Мұның мәні тереңде, Қытай Орталық Азияны өзінің стратегиялық экономикалық серіктесіне айналдыруды көздеп отыр. Заманауи теміржол дәліздері, үздіксіз тауар ағыны, жоғары технология мен қолжетімді дайын өнімдер – Қытай ықпалының кеңеюінің нақты дәлелдері.

Аймақтағы Қытайдың ең ірі сауда әріптесі – Қазақстан. Жалпы, сауда көлемінің жартысына жуығы осы елге тиесілі. 2024 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 43,8 млрд. долларды құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7%-ға жоғары.

Екінші орында – Қырғызстан. Екі ел арасындағы сауда көлемі 2024 жылы 22,7 млрд. доллар болды, бұл бір жылда 15%-ға артқан. Алайда, соманың басым бөлігі – Қытайдан Қырғызстанға бағытталған экспорт.

Үшінші орында – Өзбекстан (13,8 млрд. доллар), дегенмен Өзбекстанмен сауда көлемі 2%-ға азай-

ған. Кейін Түрікменстан (шамамен 10,6 млрд. доллар). Қытайдың Түрікменстандағы ықпалы енді артып келеді.

Ең төмен көрсеткіш – Тәжікстанда (3,9 млрд. доллар, 2024 ж.), сауда көлемі 2%-ға азайғанымен, Қытай үшін Тәжікстан аймақтағы инфрақұрылым саласында ауқымды инвестиция салған ел болып отыр.

2025 жылдың алғашқы айларында Қытай Орталық Азияға 20,1 миллиард доллардың тауарын экспорттады. Орталық Азия елдері Қытайға 10,7 миллиард доллардың тауарын экспорттаған. Сауда айналымындағы теңсіздік Орталық Азияның Қытайдан технология мен дайын өнімдерге қатты тәуелді екенін көрсетеді. Қытай Орталық Азиядан көбіне шикізат пен ресурстарды алуда. Алайда, қос ел арасындағы байланыс тандемі уақыт өте келе оң өзгерістерге ауысатынына қажетті алғышарттардың қалыптасқандығын қазірдің өзінде көріп отырмыз.

Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда байланысы тереңдей түсті. Орталық Азия елдері негізінен шикізат экспорттап, дайын өнімді Қытайдан импорттап отыр. Елордамызда өтіп жатқан саммит аясында қос елдің арасында сауда айналымы тек экспорт пен импорт аясында ғана емес, сонымен қатар логистикалық сауда торабы аясында да-муға жаңа серпін алып отыр.

• Ұлттық экономиканың негізгі драйвері ретінде көлік (23,1%), шетелдік инвестиция (18,2%) және құрылыс (15,4%) салалары көш бастап тұр.

• 2021–2025 жылдар аралығында Қытайдың Орталық Азия елдерімен сауда айналымы 2,7 есеге артты.


• Қытайдың Орталық Азиядағы ең ірі сауда серіктесі – Қазақстан. Қос елдің сауда айналымы 2024 жылы 43,8 млрд. долларды құрады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



Орталық Азия елдерінің Қытаймен сауда үлесі
2024 жылдағы экономикалық көрсеткіштер

Қазақстан Қырғызстан Өзбекстан Түрікменстан Тәжікстан



● Қазақстан: 43.8 млрд \$ (+7%)

● Өзбекстан: 13.8 млрд \$ (-2%)

● Тәжікстан: 3.9 млрд \$ (-2%)

● Қырғызстан: 22.7 млрд \$ (+15%)

● Түрікменстан: 10.6 млрд \$

● Жалпы көлемі: 94.8 млрд \$

(Дереккөз: ҚР Статистика комитеті деректері негізінде автор иллюстрациясы).

Айбар
ОЛЖАЕВ,
экономист
сарапшы:



ЕЛДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ «БУМ» КҮТІП ТҮР

Биыл елімізде индустриялық жобалар жаңа серпінмен іске қосылуда. Бір жылдың ішінде 1,5 триллион теңгеге 190 ірі жоба қолға алынады деген жоспар бар. Нәтижесінде 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Бұл әр өңірде, әр салада жаңа мүмкіндіктер пайда болады деген сөз. Енді бұл не қылған жобалар? Қайда, қандай салада ашылмақ деген сұрақтарға жауап берген жөн болар.

Химия өнеркәсібі. Салада үлкен серпіліс болмақ, сутегі пероксиді, сұйық шыны, күкірт қышқылы, минералды тыңайтқыштар мен полипропилен өндіретін зауыттар іске қосылды. Бұл елімізді импортқа тәуелділіктен арылтқан.

Металлургия мен құрылыс саласы. Керамикалық кірпіш, құрылыс қоспалары шығаратын жаңа кәсіпорындар пайда болады. Екі ірі ферробалқыту зауыты да іске қосылып, металл өндірісі айтарлықтай артады деп күтілуде.

Машина жасау мен автомобиль өндірісі. Бұл бағыт та жаңа қарқынмен дамымақ. Қостанайда KIA зауыты ашылып, жылына 70 000 көлік шығарып, 1500 жұмыс орнын ашпақ. Алматыда көпбрендті зауыт ашылып, жылына 90 000 көлік шығарылып, 3600 жұмыс орны ашылады деген жоспар бар.

Осы зауыттардың арқасында елде 2025 жылы 149 мың көлік өндіріледі екен. Ал бұл көрсеткіш 2024 жылы 134 мыңды құраған еді.

2025–2035 жылдары металлургия, химия, машина жасау салаларында 9 ірі жоба жүзеге асырылады деген ұзақмерзімді жоспарлар да тұр. Оның жалпы құны 7,3 млрд. долларды құрамақ, әрі бұл жобаларда 12 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту, жергілікті өнімді көбейту, импортқа тәуелділікті азайту, экономиканы күшейту сияқты оң әсерін берері анық.

Бүгінде Қазақстанда 15 арнайы экономикалық аймақ пен 51 индустриялық аймақ бар. Биыл тағы 110 жаңа жоба іске асады. Бұдан бөлек, шағын өнеркәсіптік аймақтар арқылы шағын және орта бизнес те өркендей түседі.

Жалпы алғанда, елді үлкен экономикалық «бум» күтіп тұр. Мұнайға ғана тәуелді болып отырудан арылып, жаңа салаларды дамытып жатқанымыз керемет үрдіс деп санаймын.



МӘСЕЛЕ

ЗАҢСЫЗ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛГЕН АКТИВТЕР

білім ордасына қайтарыла ма?

Аграрлық саланың драйвері Атанған атақты Қазақ ұлттық аграрлық университетінің басына бұлт үйіріліп, дауға іліккеніне де біраз уақыт болды. Әділдік іздеген оқу ордасының басты мәселесі – заңды активтерінің заңсыз жекеменшікке өтіп кеткені болып отыр. Дегенмен, екі жылдан астам уақыт өтсе де, даудың түйіні шешілер емес. Белгілі болғандай, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне тиесілі 3 жатақхана, 5 ірі зертхана және 6 гектар жер заңсыз түрде жекеменшікке өтіп кеткен.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда қолды болған активтерді қайтару үшін «AMANAT» партиясының тікелей араласуымен Бас прокуратура мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қызу жұмысқа кірісіп жатқан көрінеді. Бұл жұмыстар қоғамның да, халықтың да назарында. Енді аз күнде «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің кезектен тыс отырысында бұл нысандарды университет меншігіне қайтару және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселелері талқыланатын болады. Аталмыш университет қызметкерлері мен студенттері бас қосқан ашық жиынға Ерлан Саиров қатысты.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары «AMANAT» партиясының жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Республикалық кеңестің төрағасы Е.Б.Саировқа арнайы хат жолдап, онда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу универ-



Суретті ұйыған Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ситетінің меншігіндегі бірқатар ғимараттар мен жер телімдерінің талан-таражға салынып, заңсыз жекешелендірілгені анық көрсетілген.

Расында да, отандық аграрлық білім мен ғылымның қара шаңырағы саналатын атақты университетте 2000 жылдары басталған заңсыздық білім сапасы мен инфрақұрылымдық дамуына кері әсер етіп қана қоймай, көптеген мәселенің қордалануына алып келгені рас. Университет қызметкерлерінің айтуынша, осыдан 2 жыл бұрын құзырлы органдар университет аумағында орналасқан әкімшілік-шаруашылық, оқу ғимараттарының, гараждар мен жер учаскелерінің қолды боп кетуіне байланысты іс қозғап, тексеру жұмыстарын қолға алған көрінеді.

Содан бері университеттің профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлері, білім алушылары да оқу орнының балансынан

шығарылған активтер мәселесін Ғылыми кеңесте бірнеше рет көтеріп, жекеменшікке өтіп кеткен ірі көлемді активтердің университетке қайтарылуын талап етумен келеді.

Университеттің балансынан ертеректе жекеге шығып кеткен жылжымайтын мүліктер қатарында қазіргі Ветеринария және зооинженерия факультетінің лабораториялық оқу ғимараты, №9 жатақхананың бір бөлігі (қазіргі таңда гүл сататын дүкен орналасқан), №5 оқу корпусының бір бөлігі (Теннис федерациясының жекеменшігінде) және бұрынғы Алматы зооветеринария институтына тиесілі болған стадион (спорт залымен), университет кампусының дәл ортасындағы стадион ауданындағы ауқымды жер телімі («Ирида инвест» ЖШС-ның жекеменшігіне өтіп кеткен) және т.б. бар. Жекеменшікке заңсыз өткен осындай 10-ға жуық ғимаратты айтпағанның өзінде, университет

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерлан САИРОВ, «AMANAT» партиясының жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Республикалық кеңес төрағасы:

Еліміздегі ең ірі оқу ордасы орналасқан аумақтың қақ ортасынан үй салайын деп жатыр. Сондықтан құзырлы орган «мынау заңға сәйкес келмейді» деп шешім шығарып берсе, онда бұл жерлерді қайтадан университетке қайтаруға болады.

оқытушылары мен студенттерін алаңдататын мәселе – университет кампусының қақ ортасында құрылысы басталып, кейін тоқтаған көппәтерлі тұрғын үйлердің жобасы.

Құзырлы орган өкілдерінің ақпараттары бойынша, бұл құрылыс «Ирида инвест» ЖШС, «Рамс Қазақстан» ЖШС-ға тиесілі екені анықталып отыр. Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлер салу мақсатында қазылған шұңқырлардың айналасы опырылып құлап жатыр, нысанның стадион мен оқу корпусының ортасында орналасқандығынан жүріп-тұрудың өзі тым қауіпті. Жаңбыр жауып, қар еріген сайын шұңқырдың көлемі үлкейіп, студенттер мен университет қызметкерлерінің өміріне қатер төндіруде. Университет басшылығының айтуынша, инвесторлар көмек қолын созуға дайын. Ол үшін нысандарды салатын жер телімдері қажет. Сондықтан осы аталған нысандардың барлығын университеттің меншігіне қайтару арқылы студент-жастардың, жас ғалымдардың жағдайын жасап, олардың терең де сапалы білім алуын, жоғары білікті, кәсіби маман болып шығуын қамтамасыз ету керек-ақ.

ТӘЖІРИБЕ

ИНКЛЮЗИВТІЛІК және ҚОЛЖЕТІМДІЛІК:

Алматыға келген танымал неміс сәулетшісі өз тәжірибесімен бөлісті

Инклюзивті және әлеуметтік архитектура саласының маманы Йорг Фишер мемлекеттік қызметкерлермен, мәслихат депутаттарымен, Қоғамдық және Қалақұрылыс кеңесінің мүшелерімен кездесті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Кездесудің басты мақсаты – инклюзивті, әлеуметтік бағыттағы қалалық орта құру тәжірибесімен танысу, Еуропада қолданылатын қала жобалау тәсілдерін Алматы жағдайында қолдану мүмкіндіктерін қарастыру болды.

Йорг Фишер – Берлин техникалық университетінің түлегі, 1988 жылдан бері әлеуметтік архитектура саласында жұмыс істейді. Қазіргі таңда ол Feddersen Architekten архитектуралық бюросын басқарады. Бұл бюро Германияда инклюзивті, адамға жайлы және әлеуметтік маңызы бар кеңістіктерді жобалаумен танымал. Оның командасы тұрғын үйлерден бастап, қоғамдық ғимараттар мен ашық алаңдарға дейінгі жобаларда қолжетімділік, әсемдік және функционалдық қағидаларын басшылыққа алады.

Кездесу барысында Фишер мырза Германия қалаларындағы табысты жобаларды таныстырып қана қоймай, Алматының күрделі географиялық жағдайына ұқсас аймақтарда жүзеге асқан жобаларымен де бөлісті.



Ол қала ландшафтына бейімделген, қозғалыс шектеулі адамдарға да қолайлы инфрақұрылым үлгілерін көрсетті. «Қала тек мықтылар үшін емес, барша тұрғын үшін қолжетімді болуы керек. Бұл – тек әлеуметтік әділеттілік мәселесі емес, бұл – өркениетті қоғам көрсеткіші», – деді мейман кездесу барысында.

Жиын соңында тараптар Алматы қаласын әртүрлі әлеуметтік топтарға бейімдеу,

қолжетімділік стандарттарын енгізу және қоғамдық кеңістіктердің сапасын арттыру бағытында бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін қарастыратынын жеткізді. Алматы секілді ірі мегаполистің даму бағыты – тек экономикалық көрсеткіштермен емес, тұрғындарының өмір сүру сапасымен де өлшенетіні анық. Осы орайда Йорг Фишердің тәжірибесі мен көзқарасы қаламызға жаңа серпін беруі мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Йорг ФИШЕР, архитектор:

Қала – әр адамға жайлы болуы керек

Біздің бюро Берлинде орналасқан, сондықтан біз үшін Шығыс пен Батыстың қатар өмір сүруі – тек әлеуметтік модель ғана емес, нақты шындық. Бұл әріптестеріміздің де түп-тамыры екі жақтан бастау алатындығымен тығыз байланысты. Біз жобаларымызда инклюзивтілік пен әлеуметтік жауапкершілікке ерекше мән береміз. Басты мақсат – барлық әлеуметтік топтар үшін ыңғайлы, әдемі әрі қолжетімді орта қалыптастыру. Архитектура тек ғимарат салу емес, ол – қоғаммен диалог, өмір сапасын арттыру құралы. Қала – әр адамға жайлы болуы керек: балаға да, қартқа да, мүмкіндігі шектеулі азаматқа да. Feddersen Architekten 52 жылдық тәжірибесінде әлеуметтік тұрғын үй, балабақша, қарттар үйі, деменциямен ауыратын адамдарға арналған мекемелер, көпбалалы отбасыларға арналған үйлер жобалаумен айналысып келеді. Қала құрылымын жоспарлауда әртүрлі әлеуметтік қажеттілікті ескеру – біздің басты міндетіміз. Алматы секілді күрделі рельефі бар қалаларда да бұл принциптерді қолдануға болады.



СҰХБАТ

Қоғам мемлекеттік қызметтен ашықтық пен әділеттілікті, сапалы қызмет көрсетуді талап етеді. Бұл бағытта Алматыда қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Мемлекеттік қызметке орналасу, меритократия қағидаттарының сақталуы, жастардың белсенділігі мен этикалық нормалардың орындалуы қалай қадағаланады? Осы және өзге де сұрақтарға жауап алу үшін біз ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы Шынарай ӘЛІМХАНМЕН сұхбаттасқан едік.

Шынарай ӘЛІМХАН:



БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ

Халық игілігі үшін жұмыс істегенде ғана дамиды

Жаңа пилоттық жүйе: меритократия қағидаты

– Шынарай Әлімханқызы, бүгінде Алматыдағы мемлекеттік басқару жүйесі қандай басым бағыттарға негізделіп жұмыс істеп жатыр? Қандай басты міндеттер көзделген?

– Алматы – еліміздегі ең ірі мегаполис, қарқынды дамып келе жатқан өңір. Мұнда мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен кәсібилігі ерекше маңызға ие. Біздің басты мақсатымыз – халыққа сапалы қызмет көрсететін, ашық және есеп беретін мемлекеттік аппарат қалыптастыру.

2024–2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы шеңберінде қазіргі уақытта біз жаңа модель – сервистік және азаматқа бағдарланған басқару үлгісін енгізіп жатырмыз. Бұл модель басқарушылық пен қызмет көрсетудің аражігін нақты ажыратып, мемлекеттік қызметшінің негізгі рөлін – халықтың мүддесіне адал қызмет ету деп белгілейді. Сонымен қатар, кадр саясаты да қайта қаралып жатыр. Аралас модель енгізілді: яғни мансаптық және лауазымдық тәсілдер үйлесім табуы тиіс. Бұл дегеніміз – мемлекеттік қызметке кіру ашық конкурс арқылы жүзеге асады, ал әрі қарайғы өсу кәсіби жетістікке, білім мен тәжірибеге тікелей байланысты.

– Алматының басқару жүйесінде қандай цифрлық жаңашылдықтар енгізілді? Бұл үдеріс халыққа қандай жеңілдіктер беріп отыр?

– Цифрландыру – қазіргі басқару жүйесінің негізгі құралы. Бүгінде мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері түгелдей дерлік «е-Қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жүйе адам факторын азайтып, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Мысалы, үміткердің аты-жөні, жынысы немесе ұлты көрсетілмейді. Бағалау тест нәтижесіне, тәжірибесіне және кәсіби дағдысына қарай негізделеді. Осылайша меритократия қағидаты іске асады. Қазіргі таңда еліміз бойынша 68 мемлекеттік орган жаңа пилоттық форматта жұмыс істеп жатыр. Алматының жергілікті атқарушы органдары бұл пилоттық жүйеге 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қосылады.

Қалада 46 мемлекеттік орган 367-ден астам қызмет түрін көрсетеді. Мұндай цифрлық жүйе азаматтардың уақытын үнемдеуге, қағазбастылықты азайтуға және қызмет алудағы артық рәсімдерді болдырмауға сеп болады. Сонымен қатар, тұрғындар өз өтініштеріне қатысты кері байланысты оңай әрі жедел ала алады.

Әділдік пен ашықтық

– Ашықтық пен әділдік – мемлекеттік қызметке деген сенімділіктің негізі екені сөзсіз. Осы бағытта нақты қандай іс-шаралар қолға алынып жатыр?

– Әділдік пен ашықтық – мемлекеттік басқарудың басты қағидаттарының бірі. Конкурс рәсімдері толық ашық форматта өтеді. Жарияланған сәттен бастап тест тапсыру, әңгімелесу кезеңіне өту, комиссия отырысының

хаттамалары – барлығы қолжетімді. Тіпті комиссия отырыстарын тікелей эфирден көруге мүмкіндік жасалған. Бұл – бір жағынан ашықтықты қамтамасыз етсе, екінші жағынан, үміткердің өзіне сенімділік береді. Әлеуметтік желілер мен қоғамдық бақылау тетіктері де белсенді қолданылады. Азаматтардан түскен шағымдар мен ұсыныстар жедел қаралып, заң аясында тиісті шешімдер қабылданады. Қажет жағдайда қызметтік тергеу жүргізіліп, әдеп жөніндегі кеңеске материал жолданады.

– Жалпы, қызметкерлерді кәсіби тұрғыда дайындау мен жетілдіру жұмыстары қалай жүзеге асады?

– Кәсібилік – бұл үздіксіз даму. Қазіргі таңда кез келген мемлекеттік қызметкер үш жылда бір рет біліктілігін арттыру курсынан өтуі тиіс. Жаңа тағайындалған басшылар үшін арнайы қайта даярлау бағдарламасы бар. Ол жерде басқарушылық дағдылар, этика нормалары, стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік сатып алу, цифрлық трансформация секілді тақырыптар қамтылады. Сондай-ақ, біз Мемлекеттік басқару академиясымен тығыз жұмыс жүргізіп келеміз. Алматыда Академияның филиалы жұмыс істейді, онда қызметкерлерді қайта даярлау мен оқыту жүйелі түрде өтеді.

Тиімді тетік: тың серпін, жаңа көзқарас

– Соңғы жылдары жастардың басқару саласына қызығушылығы артып келеді. Жас мамандарды осы салаға тарту үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Иә, бұл – кейінгі жылдары байқалып отырған жағымды тенденция. Университетті енді бітірген түлектердің өз басқару саласына қызығушылық танытып, осы бағытта еңбек етуге ниет білдіреді. Осыған орай біз студенттермен жүйелі түрде кездесіп, бұл саланың маңызы мен талаптарын, кәсіби мүмкіндіктерін ерте кезеңнен түсіндіруге күш саламыз.

Бүгінде жастарға кәсіби бағдар беру, бағыт-бағдар ұсыну, заңнама негізінде білімін жетілдіруге мүмкіндік жасау – басты назарда. Қызметке алғаш қабылданған басшылар қайта даярлау курстарынан өтсе, әкімшілік лауазым иелері үш жыл сайын міндетті түрде біліктілігін арттыруы тиіс. Қазір тек дипломмен шектелу жеткіліксіз – әр маман кәсіби дамуға ұдайы көңіл бөлуі қажет.

Жас буынды қолдаудың нақты мысалы – Президенттік жастар кадр резерві. 2019 жылдан бері бұл жобаға 60 мыңнан астам адам қызығушылық танытты. Үш іріктеу

Біз азаматтармен байланысты күшейту мақсатында түрлі жобаларды қолға алып келеміз. Соның бірі – мемлекеттік қызмет жәрмеңкелері. Олар сауда орталықтары мен ХҚКО-ларда өтіп, халыққа бос орындар, қызмет алу тәртібі және кездесетін мәселелерді шешу жолдары түсіндіріледі.

кезеңінің нәтижесінде 400-ге жуық жас резервке енді. Олардың көпшілігі бүгінде мемлекеттік органдарда, ұлттық компанияларда және әкімдік құрылымдарында жауапты қызмет атқарып жүр. Қазіргі таңда төртінші іріктеу жүріп жатыр, биыл тағы 50 жас маман таңдалады деп күтілуде. Бұл – басқару жүйесіне тың серпін мен жаңа көзқарас әкелетін тиімді тетік. Резервке енгендердің қатарында алматылық жастардың да бар екенін мақтанышпен айта аламыз.

Мақсат – адал мемқызметші бейнесін қалыптастыру

– Енді әдеп мәселесіне тоқталсақ... Халыққа қызмет көрсететін тұлғалардың этикалық нормаларын сақтауы қалай қадағаланады?

– Әдеп – мемлекеттік қызметтің моральдық іргетасы. Қызметкердің мінез-құлқы мен азаматпен қарым-қатынасы әрдайым қоғам назарында. Сондықтан біз түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземіз. Әр мемлекеттік органда Әдеп жөніндегі уәкіл бар.

Олар қызметкерлерге кеңес беріп, дау-дамай туындаған жағдайда алдын алуға көмектеседі. Этикалық нормаларды бұзу деректері болса, біз оны Этикалық кеңесте қараймыз. Жаза да бар, бірақ басты мақсатымыз –

жазалау емес, алдын алу. Біз әрқашан кәсіби және адал мемлекеттік қызметші бейнесін қалыптастыруға күш саламыз.

– Екі айда бір рет сіздің қатысуыңызбен көшпелі отырыс өткізіледі. Бұл формат несімен тиімді?

– Иә, көшпелі отырыстарды екі ай сайын тұрақты өткізіп тұрамыз. Негізгі міндетіміз – қызмет көрсетуші мекемелердің жұмысымен жан-жақты танысып, бизнес-процестердің нақты барысын талдау. Сол жерде анықталған олқылықтар бойынша нақты ұсыныстар беріп, тиісті шешім қабылдаймыз. Ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері де барлық үдерісті тікелей бақылап, жағдайды жан-жақты зерделейді. Мұндай тәсіл қызмет сапасын нақты әрі тиімді түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

Біліктілік талаптары: кәсіби дағды және нақты қабілет

– Агенттік халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыру үшін қандай қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырады?

– Біз азаматтармен байланысты күшейту мақсатында түрлі жобаларды қолға алып келеміз. Соның бірі – мемлекеттік қызмет жәрмеңкелері. Олар сауда орталықтары мен ХҚКО-ларда өтіп, халыққа бос орындар, қызмет алу тәртібі және кездесетін мәселелерді шешу жолдары түсіндіріледі.

Мемлекеттік кірістер департаменті базасында іске қосылған «Қолдау» жобасы арқылы азаматтардан ұсыныстар жиналып, қызмет сапасын жақсартуға кері байланыс орнатылады. Сонымен қатар, жыл сайын Мемлекеттік қызметшілер күніне орай «Үздік қызмет көрсетуші» байқауы өтеді. Мұнда қызмет сапасы, шағымдар саны және көрсетілген қызмет көлемі ескеріле отырып үздіктер анықталады. Бастама қызметкерлерді ынталандыруға әрі сапаны арттыруға бағытталған. Электронды платформалар мен чат-боттар арқылы да азаматтармен жедел байланыс орнатылып, өзекті мәселелер талқыланады.

– Болашақта халықпен тиімді жұмыс істейтін басқару үлгісі қандай болуға тиіс деп ойлайсыз?

– Болашақ – цифрлы, кәсіби әрі серіктестікке ашық басқару жүйесінің еншісінде. Біз дәл осы бағытта жүйелі түрде алға жылжып келеміз. Қызметкер тек бұйрықты орындайтын емес, бастамашыл, жауапкершілікті сезінетін, қоғам мүддесін көздейтін тұлға болуы қажет.

Сондықтан қазіргі таңда біліктілік талаптары қайта қаралуда – негізгі назар кәсіби дағды мен нақты қабілетке ауысып отыр. Сонымен қатар, қызмет тиімділігін бағалау үшін KPI жүйесі енгізілуде. Яғни әрбір маманның атқарған жұмысы нақты көрсеткіштермен өлшенеді. Бұл – нәтижеге бағытталған жұмыс үлгісі. Басқару жүйесі қоғам үшін, халық игілігі үшін жұмыс істегенде ғана дамиды. Сол себепті, негізгі мақсатымыз – халық сенімін ақтай алатын ашық әрі сапалы басқару мәдениетін қалыптастыру.

– Ашық әрі мазмұнды сұхбатыңызға рахмет, сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ОЙТАЛҚЫ

ӘКЕ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Ұлттық құндылықтарынан айырылған кез келген елдің жаһандану заманына жұтылып кетуі – уақыт еншісіндегі мәселе



(Cyber: toqym.kz).

Адамзат жаһандану үрдісіне қарай беттеп барады. Осы ретте қазақ қоғамын – да гендерлік теңдік мәселесі өткір де өзекті тақырыптардың бірі. АҚШ пен Еуропаның, жалпы Батыстың кейбір жабайы, дүдәмал мәдениетіне еліктейміз деп, өздерінің рухани-мәдени болмысы мен ұлттық құндылықтарынан қол үзіп жатқан елдер де жоқ емес. Бұл бағытта ұлт тағдырының болашағы бекем болуы үшін атқарылар шаруа көп.

Қазір қоғамда «әйелдің құқығын қорғау», «әйел теңдігі», «әйел еркіндігі», «бала қақысы» деген ұғымдар қалыптасқан. Бұған заң да, қоғам да мүдделі сияқты. Ал «әке құқығы», «еркек теңдігі» деген мәселе жоқ. Сонда біз әйел мен баланы кімнен қорғап жатырмыз? Ер адамның қоғамдағы, отбасындағы рөлін төмендетіп, қайда бармақпыз?

Қазақ қоғамында ердің, әйелдің, баланың орнын бабаларымыз әу бастан шегелеп, бекітіп қойған. Дегенмен, бүгінде әлеуметтік желілерде шаңырағындағы бір сәттік түсінбестікке бола ұнамай қалған некелі зайыбын, ер-азаматты, ұнатқан жігітін бірден бейнежазба, фотоматериалдар арқылы қаралап, түбі соттасып жататын келеңсіз оқиғалар көбейді. Ұлттық құндылықтарынан айырылған кез келген елдің жаһандану заманына жұтылып кетуі – уақыт еншісіндегі мәселе.

Неге? Небір «коуч», «мотиватор», «видео блогер», «психолог» атанып алғандар ел-жұртқа, ұрпаққа не үйретіп жатыр? Олардың мақсат-мүддесі қандай, нені үгіттейді? Қазақ қоғамындағы ата-әже немесе ата-ене, әке мен ана институты, отбасылық ізгілік пен мейірім мектебі ұлттық құндылық санатынан неге жоғалып бара жатыр?

Бабаларымыз, ұлы дала заңы қалыптастырған «әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дейтін тағылымды мектепті жоғалтып алмас үшін не істемек керек? Бұл жайлы ұлт зиялылары не дейді? Зейін қояйық...

бұра тартатындар, ұлттық құндылықты жоққа шығаратындар бар. Батыстың болмағыр қылықтарын бетке ұстап, керексіз дүниелерін таңу қате.

Қазақтың өзіндік тыйым түрлері бар. Бүгінгі қоғам соны сақтай білсе, ешкім ешнәрседен адаспайды. Әрқайсысының өзінің шегеленіп белгіленген орны бар ғой. Міне, соны сақтау керек. Ал қоғамдағы ер мен әйелдің қадір-қасиетін сақтау үшін ұлттық тәрбиеге қайта оралайық. Бәлкім, сонда барып жануя іргесі беки түсер. Қазақтың ұл тәрбиесі, қыздың қадірін ұдайы айтып, ұлттық болмысты жастардың бойына сіңіре білсек, соның өзі талай кереғар мәселеге тосқауыл қояды. Ата-бабаларымыздың жеті атаға дейін қыз алыспау, қан тазалығын сақтау, қызға қырық үйден, ұлға отыз үйден тыйым беру тектен-текке шықпаған дәстүр болар. Бұның қаншама ғасырлар бойғы ойдың елегінен, өмірдің тәжірибесінен өткен дүниелер. Біресе батысқа қарап еліктеп, біресе шығыс менталитетіне телміріп жүріп, өзіміздің ұлттық руханият, ұлттық болмыс, ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмайық!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ТОҚАШБАЕВ, қоғам қайраткері, этнограф:

Еркектің еркек болуы өте маңызды



Қазақстан қоғамында ер-азаматтардың құқығы жөнінде көп әңгіме бола бермейді. Гендерлік саясатқа байланысты әйелдердің құқығын арттыру, басымдық беру сонау 1975–1980 жылдардан бері айтылып келеді. Жаратқан жасаған табиғи тепе-теңдігі мен қолдан жасалған дисбаланстың екеуінің айырмашылығы бар. Мысал үшін айтайын, мекеннің құқығын әтешпен теңестіру ақылға сыймайды, өмірде де болмайды ғой. Мекиен бір қора тауыққа ие бола алмайды. Ал әтеш бір қора тауыққа еге болып, балапанын қорып, жем тауып, қаршыға, қырғидан әртүрлі қауіп-қатерден сақтап, тосқауыл болады. Отанды, отбасын қорғауда еркектердің рөлін сызып тастау – қателік.

Мемлекеттік деңгейде ер-азаматтың рөлін, абыройын көтеруді қолға алу керек. Іс жүзінде елді қорғайтын ерлер. Қазіргі таңда еркектің еркек болуы өте маңызды. Гендерлік теңдіктің салдарынан отбасында әйелдердің сөзі басым түсіп жатады. Балабақшада, мектепте, университетте қызмет істейтіндердің 85–90%-ы әйел азаматшалар. Әйелдердің тәрбиесін көріп өскен ұлдардан қандай азамат шығады?! Бүгінде осыны түсінгендіктен мектептерде жалақы ұлғайып, ер мұғалімдер үлесі артты. Ердің айбары, мысы болады.

Ал әйелде қанша дегенмен ер адамның мысы бола бермейді. Әйел оқытушылардан оқушылар көп ыға бермейді. Небір тентек балалар, ер мұғалімнің алайған көзінен, еркектік мінезін тапсалады. 1979–1989 жылдары Ауғанстанда соғыс болды ғой. Сол Ауған соғысы кезінде анасы тәрбиелеген ұлдар қатарлас жауынгерлерді аман алып қалмақ түгілі, батыл шешім көрсете алмапты. Отбасында шешесі билеп-төстегендердің балалары өзге тұрмақ, өз қара басын қорғай алмайды. Әке тәрбиесін көріп, еркектік мінез-құлқы қалыптасқан жігіттердің өзін ғана емес, айналасындағыларды да қорғап жүретін қабілеті болады. Ер баланың физикалық мықты болуы, қиындыққа төзімді келуі, оның ер-азамат ретіндегі ішкі психологиясына тікелей қатысты. Осындай тәрбиедегі қиғаштықтар Отан қорғау кезінде көрініп қалады.

Қазақ елін шетелден келіп ешкім қорғап бермейді. Ел шетіне жау шапса өзге емес, шын мәнінде жанын салып қазақтың жігіттері қорғап қалады. Мәселен, украин жерін қасық қаны қалғанша қорғап жатқан украин жігіттері ғой. Сондықтан мемлекеттік тұрғыдан қоғамдағы еркектердің рөліне баса мән берейік. Әр ер-азамат физикалық, психологиялық тұрғыдан күшті болып, бес қаруды игеруі қажет. Отанды қорғап, ішкі-сыртқы алақөздерден қорғай білу міндет, абыройлы парыз.



Нұрдәулет АҚЫШ, Жазушылар одағының мүшесі, қаламгер:

Қоғамда ер-азаматтың рөлін төмендетпейік

Гендерлік саясат, феминизм – саясаттың бір ағымы. Ол – әйелдердің құқығын көтеруге, әйелдердің қоғамда ілгері белсенді болуына негіздейтін, үндейтін бағыт. Бір қарағанда,

бұл дұрыс та сияқты. Десе де, соны кейде асыра пайдалану, әйелдің қайраткерлік жолын алға шығару, үдету – ойландыруға тиісті проблема. Қазақ қоғамында еркекті төмендету қағидаты еш уақытта болмаған.

Бұл мәселенің жиі көтерілуі отбасылық жанжалдың туындауына тікелей байланысты. Кейде күйеуі жұмыс істемей, ішкілікке салынып, өзінің жұбайын сабап, қол тигізіп, жер жастандырып жатқандығын көз көріп, құлақ естіп жүр. Соған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес туралы» арнайы заң шыққан болар деп болжаймын.

Әйелдердің психологиясы, еркекке деген көзқарасы, оның қоғам мен отбасындағы көзқарасы бұрынғыдай емес, өзгеріп барады. Ер адамға әйелі «сені түрмеге жаптырамын, қаматамын, әлеуметтік желіге масқаралап, көзіңе көк шыбын үймелетемін» дейтінін естіп-оқып қаламыз. Бұл арада мәселені біржақты қарамайық. Отбасындағы ұрыс-керіс кімнен басталды, міне соның негізін анықтайық. Кейде әйел жанжалды бастап жібереді. Оған шыдамаған еркек қол жұмсауы мүмкін. Осы жағдайлардың аражігін ажыратайық. Сондықтан да жеке-жеке заң қабылдануы қаншалық дұрыс деген ой келеді. Өйткені, «әйел құқығын қорғау», «бала құқығын қорғау» туралы заңдар болатын болса, онда «еркектің құқығын қорғау» туралы заң қабылдау керек емес пе! Отбасында ер, әйел, бала деген үш тұғыр бар ғой. Сонда әйел мен баланы қорғап, ер-азаматты тиран етіп көрсету қаншалықты ақылға сыяды?! Ал сонда ердің құқығын кім қорғайды? Олай болатын болса, ерлер туралы заң неге болмайды?

Менің ойымша, осы үшеуін біріктіріп, бөлек-салақ қылмай отбасылық заң қабылдау керек. Бұл заңда кінәлі адамдардың мәселесі, тәрбиелеу мен жазалау ережесі көрсетілуі тиіс. Оның жынысына қарай артықшылық беруге болмайды. Кей үйлердің жасөспірім балалары да көше балаларына ілесіп бұзықтық жасауы ықтимал. Ата-анасына қарсы шығуы мүмкін. Осының өзі түрлі форматтарда көрініс табуы ғажай емес. Осылардың барлығын ескере отырып бір ғана «отасылық заң» қабылдау қажет деп ойлаймын.

Балаға басу айтып, бетін қайтарып тастағанға бола әке-шешесіне жазба беру тым артық. Бұл қазақтың менталитетіне, дәсүрлі ұстанымына, ділі мен дініне қайшы нәрсе. Бұндайды біліп алған бала үлкенді сыйламайтын болады. Балаға қол тигізсең сотқа бере салады. Онда жалақор жасөспірімді асырап, өсіріп не қажеті бар?! Бүгінде үлкен кісіні сыйламайтын, қырсығып сөз қайтаратын, кесір ұл-қыздың қатарының артуы сондай олқылықтардан. Тәрбиесі нашар балалардың проблемасы неге бізді ойландырмайды?

Қоғамдық орында, автобус, троллейбус, метрода шолжияп отырған баланы көріп шығырдандық қайнайды. Бұрын тіпті басқа ұлттың адамдары болса да, қазақ болсын ересек адамдарға атып тұрып орын беретін. Қазір ондай құрметті көре бермейміз. Көшедегі жастардың бұзақылығы, ұятсыз қылығы бізді ойландырып, нақты нәтижелі шешімге алып келсе дейміз.

Түптеп келгенде, отбасындағы әке тәрбиесін төмендетіп алдық. Бірақ әйелге ысырып қоямыз. Егер әкесі, атасы немесе ағасы темірқазық боп, темірдей тәртіп орнатып, жанұяда ер адамның қадірі артып тұрса, бала тәрбиесіз, әйел жүгенсіз болмайды. Осы аталған мәселені реттейтін ортақ қағида, заң-закон жазылуы қажет деп білеміз.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС



Суреттер: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

«БАЛДӘУРЕН»

балаларды күтеді

Жазғы демалысқа Қонаев қаласына барған алматылық оқушылардың алғашқы легі Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауында орналасқан «Балдәурен» лагерінде демалатын болады.



Рая ЕСКЕНДІР

Таң атысымен Алматы қаласындағы №4 арнайы мектеп-интернатының ауласында балаларды жайлы автобустар күтіп алып, Қонаев қаласын бетке алды. Балалар жайғасқан сары автобустарды полиция көліктері бастап жүрді. «Балдәурен» лагерінің басшылығы, қызметкерлері мен демалушылары алматылық оқушыларды ерекше құрметпен қарсы алды. Ерекше білім алу қажеттілігі бар 200 бала жазғы демалысын осылайша бастады.

Мұнда жайлы демалыс үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері, спорттық жарыстар, музыкалық сабақтар мен шығармашылық шеберлік сыныптары дейсіз бе, әрбір бала өз көңіліне ұнайтын іс тапқан сыңайлы. Медициналық кешеннің меңгерушісі Раиса Хәкімжанова мен аға медбике Құралай Жұмахметова балалардың денсаулығын мұқият қадағалайды. Демалыс орталығындағы кабинеттер процедураларға қажетті барлық құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ, 17-ге жуық шығармашылық үйірмелері, спорт секциялары бар, ұлттық ойындарды қамтитын мазмұнды бағдарламалар әзірленген.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, білім беру комитетінің төрағасы Рафаэль Гасановтың айтуынша, биылғы жылы көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына көз жеткізу үшін қала сыртындағы он лагерь тексерілген көрінеді. «Балдәурен»

республикалық сауықтыру лагеріне Алматыдан 200 бала және балалармен бірге лагерьде тұратын 20 қызметкер келді. Демалыс он күнге созылады. Биыл қала сыртындағы лагерьлерде 2900-ден астам бала барады. Алматыда жұмыс нақты алгоритм бойынша жүргізілгенін атап өткім келеді. Барлық заңнаманың талаптары сақталған. Қала басшылығының нақты тапсырмасы бар, ол толық көлемде орындалады. Балалар жіберілетін лагерьлерді тексердік: көрсетілетін қызметтер мен қауіпсіздік жоғары деңгейде. Осындай тағы бірнеше сапар ұйымдастырамыз, оған міндетті түрде БАҚ-ты шақырамыз, – деді ол.

Лагерьлерде балалардың коммуникативтік дағдылары мен әлеуметтенуін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ойындарда, байқауларда және бірлескен іс-шараларда балалар бір-бірімен өзара іс-қимыл жасауға, ортақ тіл табуға және қиындықтарды жеңуге үйренеді.

Үйде оқытатын балаларды сүйемелдейтін дефектолог-мұғалім Салтанат Бисенова лагерьге бару – ерекше балаларға балалық шақтың қуанышын сезінуге, ұжымда дербестік пен өзара іс-қимылды үйренуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Ал №5 мектеп-интернат директоры Роза Серкебаева есту, көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балалар жаңа достар табуға, шығармашылықпен айналысуға және белсенді уақыт өткізуге мүмкіндік алатынын, су қоймасының керемет пейзажын, аниматорлардың жақсы жұмыс істейтінін және демалыс бағдарламасының мазмұндылығын атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жарқынай ҚАЖЫМҰХАНОВА, Орталық директоры:

БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауында орналасқан. Нысанның аумағында он корпус, кітапхана, футбол алаңы, спорт залы, киіз үй, медициналық кешен бар. Меймандарымызды қабылдауға дайынбыз. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келген балалар демалады. Өткен жылдан бастап Алматы қаласы Білім басқармасымен ынтымақтастық негізінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға жазғы демалыс ұйымдастырып келеміз. Бізде алты рет тамақтану, тұрақты медициналық бақылау қарастырылған және балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуы үшін қажеттіліктерін ұйымдастыру бағдарлары жақсы жолға қойылғанын атап өткім келеді.

Орталықтың барлық аумағында жүзге жуық бейнебақылау камералары орнатылған. Балалардың тынығуы мен дамуы үшін барлық жағдай жасалған. Олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, STEM-сабақтары мен үйірме жұмыстары жүргізіледі. Түстен кейін балалар шомылады, демалады, ал кешке түрлі іс-шаралар өтеді. Жүзге сертификатталған нұсқаушылар үйретеді. Жоғары педагогикалық білімі бар білікті психологтар мен персонал дәріс беріп, түрлі ойындар ұйымдастырады.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



БРИФИНГ

ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛ, ЖАҢА ӨМІР БАСТА

Азаматтарды әлеуметтік тұрғыда қолдайтын пәрменді заң бар!

Қазақстандықтардың қарыздан құтылып, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беретін «Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң Алматыда сәтімен жүзеге асырылып жатыр. Онда, әсіресе, халықтың әлеуметтік осал тобына көп көңіл бөлінген.



Нұржамал
Әліш

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Алматының Мемлекеттік кірістер департаментінің дәріменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы Айдос Бұдығұлов мәлімдеді. «Заң, әсіресе, табысы аз азаматтар мен көп несие алып, қиын жағдайға тап болған халықтың әлеуметтік осал тобына көп көңіл бөлген. Осы заңның арқасында олардың көбі ұзақ жылдар бойы ауыр жүк болып келген қарызынан құтылуға мүмкіндік алып отыр», – дейді Айдос Бұдығұлов.

Соттан тыс банкроттық рәсімді құжат жинап әуре болмай-ақ, бұдан былай онлайн арқылы рәсімдей берсе болады. Бұл қағазбастылықтан қатты

қиналатын қарт адамдарға да пайдалы. Енді осының бәрін «электронды үкімет» немесе мобильді қосымша арқылы тез әрі тегін істей аласыз.

Сот арқылы банкрот деп табылған және төлемге қабілеттілігін қайта қалпына келтіру мәселесі одан да күрделі жағдайды қарастырғанымен, бірақ ол да азаматтардың мүмкіндігіне қарайды. Соңғысы тұрақты табысы бар, соның ішінде зейнетақы төлемдері бар азаматтар үшін ерекше маңызды, олар берешегін уақытылы төлейтіндердің мәртебесінен айырылғысы келмей, қарызын біртіндеп, кезең-кезеңімен өтейді.

Бытыр күшіне енген заңдағы жаңа толықтыру азаматтардың мүмкіндігін одан ары арттырды. Енді уақытылы төлейтін, бірақ несиеіс көбейіп кеткендер де осы мүмкіндікті пайдалана алады. Сонымен бірге, төлемге қабілеттілігін қалпына келтіргеннен кейін, шетелге шығуына шектеу қою жағы да алынып тасталады. Бұл шетелде туғантуысы бар азаматтарға да тиімді болғалы тұр.

Осылайша заң қарыздан құтылып, жаңа өмір бастағысы келген қазақстандықтарды әлеуметтік тұрғыда қолдайтын құралға айналды.

ТАҒЫМ



«МӘҢГІЛІК САПТА»

Алматыдағы Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімде тағылымды еске алу іс-шарасы өтті.

«Мәңгілік сапта» атауымен ұйымдас-тырылған іс-шара Ақтөбедегі террорлық шабуыл кезінде қызметтік борышын атқара отырып қаза тапқан Ұлттық ұланның 6655 әскери бөлімінің әскери қызметшілерін еске алуға арналды. Акция аясында қазақстандық жауынгерлерге арналған ескерткіш мемориал ашылды. Лентаны «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреев пен жазушы, қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова

салтанатты түрде қиды. Бұл мемориал – ел қорғау жолында қаза тапқан ерлердің ерлігін ұрпақ жадында мәңгі қалдыруға бағытталған тағзым белгісі.

– «Өткенді ұлықтау – өскендіктің белгісі» деген қанатты сөз бар. Осыған орай соғыс жылдарында бейбіт өмір үшін соғысқан ардагерлердің, жат жерде ел намысын бермеген 17 жауынгердің және әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан ұландықтардың есімдері бүгінгі ескерткішке ойып жазылған. Көпке үлгі боларлық өнегелі іс келешек ұрпаққа тарих деп білемін. Өйткені, бүгінгі ескерткішке жазылған асыл азаматтардың жанқиярлық ерлігі мен есіл еңбегі жас ұрпақ үшін өнеге, – деді генерал-майор Талапкер Әміреев.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІКТЕР МЕКЕНІ

Алматы ауданындағы №167 жалпы білім беретін мектеп жанынан ашылған «Балдәурен» демалыс лагері – балалар үшін жазғы каникулдың жарқын жобасына айналды.

Лагерь жұмысы күн сайын қызықты іс-шаралармен өрбиді. Демалушы балалар қаламыздағы «Ботаникалық баққа» саяхат жасап, өсімдіктер әлемімен танысты. Мектептің жазғы спорт алаңында ұйымдастырылған эстафета барысында балалар ұйымшылдыққа, салауатты өмір салтын ұстануға үйренді.

Сонымен қатар, «Disney» студиясының «Райя және соңғы айдаһар» мультфильмін тамашалады. 28 панфиловшылар саябағында өткен іс-шарадан патриоттық рухты бойларына сіңіріп қайтты. Осылайша әрбір күні қызыққа толы демалыс маусым

айында да жалғасын тапты. Бұл кезде балалар «Максима» сауда орталығындағы «Наследники» ойын-сауық кешеніне барды. Келесі күні «Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының» «Қуыршақ думан» қойылымы мен «Москва» кинотеатрындағы «Лило мен Стич» мультфильмін тамашалаған оқушылар жақсы әсер алып қайтты. Бұл күндері мектеп асханасынан ыстық тамақ ұйымдастырылып, балмұздақ таратылды.

«Балдәурендегі» көбікті кеш (foam party) – балалардың жазғы маусымдағы әсерін тіпті еселей түсті. Олар ақ көбікке шомылып, шабыттана биледі. «Балдәуреннен» алған ерекше әсерлерімен бөліскен балалар бір-бірімен қимай қоштасты. «Балдәурен» – жаңа достықтың бастауы, жарқын естеліктер мекені.

**Ғалия НӘЛІБАЕВА,
№167 жалпы білім беретін мектеп директоры.**



ЖАС ТҮЛЕК



МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІНІҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР

Биылғы мектеп бітіруші түлектерге Аттестат тапсыру салтанатының қай күні өтетіні белгілі болды. Қала мектептерінің 9-сынып бітірушілеріне аттестат 13–16 маусымда тапсырылса, 11-сыныпты бітірушілерге 19 маусымда табыс етілетін болды.

Алматы қаласында аттестатты міндетті түрде күндізгі уақытта мектеп қабырғасында тапсыру дәстүрі қалыптасқаны белгілі. Биыл да бұл үрдіс жалғасып, оған мектептің педагогикалық ұжымы, түлектер, түлектердің ата-аналары, педагогикалық еңбек ардагерлері, Қамқоршылық кеңес мүшелері, Білім басқармасының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатын болды.

Алматы мектептерінде қалыптасқан дәстүрге сай, түлектердің қайырымдылық іс-шараларын өткізіп отыруы үрдіске айналған, мектеп кітапханасының қорын молайту үшін «Мектепке кітап сыйла», «Мектепке сый» атты ағаш, гүл отырғызу акциялары биыл да жалғасын тапты.

Рая ЕСКЕНДІР



ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

Біздің кейіпкеріміз – білімі жоғары, заңгер. Ең іргелі Бостандық ауданының мүгедектер қоғамын құруға мұрындық болған. Еңбек жолы сол жерден басталды. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамына екі мәрте сайланып, туған қаласының тыныс-тіршілігін жақсарту тұрғысында бірталай ұсыныс енгізген. Қазақстан мүгедектер ұйымдары одағының төрағалығы да сеніп тапсырылған. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.



Ұлан ІҢКӘРБЕК,
«Алматы қаласының мүгедектер қоғамы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

ӨМІР – ТАБАНЫДЫ, АРМАНШЫЛ АДАМДЫ СҮЙЕДІ...



Нұржамал
ӘЛІШ

«Айнаның екі жағы бар...»

– Ұлан Әскербекұлы, мүмкіндігі шектеулі жандар көбіне қай бағытта жұмыс істеуге, қай кәсіпті игеруге ынталы?

– Көбі заңгер, IT маманы болып келеді. Дегенмен, дипломы бар мамандар аздау. Ал оқимын деген жастарға мемлекет тарапынан грант бөлінеді. Осы орайда бір мәселені айта кетсем. Бізде мүгедектігі бар адамды қоғаммен, ортамен, тіпті отбасымен қалай байланыс орнату, тіл табысу керектігін үйретін орталықтар болғаны дұрыс деп ойлаймын. Мен секілді бала күнінен мүгедек адамға қарағанда, өмірінің кейінгі жылдары апатқа ұшырап немесе басқа да себептермен қоларбаға таңылып қалғандарға моральдық тұрғыда өте қиын болады. Тікесінен тік жүріп жүрген адамның бір-ақ сәтте төрт қабырғаға қамалып қалғаны жүйкесін жаншып кетуі мүмкін. Оларға психологиялық көмек беріп, тіпті өз кірін өзі жууды, тамағын істеп ішуді де үйретсек, оның әр нәрсеге көңілі бөлініп, уайымға салынып, күйзеліске түсінуіне де мүмкіндік болмай қалары анық.

– Мүгедек жандардың жұмыспен қамтылу жағы қалай?

– Біздің үкімет мекеме-компанияларды (мемлекеттік болсын, жекеменшік болсын) өзіндегі штаттық мүмкіндігіне қарай мүгедектерді де жұмысқа алуды міндеттеп қойған. Бірақ соған немқұрайлы қарайтындар да жоқ емес. Мысалы, жылда «бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі» дегенді ұйымдастырамыз. Жұмыс іздеп жүрген мүгедек адамдар болса, бізге жіберіңіздер дейді. Жібереміз. Оларды бір ғимаратқа жинайды, үстелді жағалай отырған фирма-компаниялардың өкілдерімен дидарластырады. Олар сөйлеседі, алған біліміңіз бізге жарап тұр деп түйіндемесін алып қалып, бірер күндікте хабарласамыз деп шығарып салатындары да бар. Сосын күн, апта өтеді, ешкімнен хабар келмейді. Сосын күдерін де үзеді. Жасыратыны жоқ, кейде сол жұмыссыздар жәрмеңкесі көзбояушылықпен, есеп беру үшін ғана өткізіледі.

«Айнаның екі жағы бар» демекші, шыны керек, кейде өзімізден де бар. Мүгедек адамды жұмысқа алғысы келетін фирма өкілі хабарласады кейде, «кешегі жіберген адамдарыңыз жұмысқа құлшынып тұрған жоқ, мен қалай аламын?» деп. Ол рас, бізде «үкімет беретін зейнетақымыз алып үйде жата бермеймін бе» деген масылдық психологиядағы замандастарымыз да жоқ емес ортамызда. Оларға айтамын, «сыртқа шығып, тым болмаса аптасына бір-екі рет қоғамдық көлікпен жүріп тұрсаңыздаршы, айналадағы халықтың да көзі үйренеді, автобус жүргізушілері де сіздерді жиі көріп жүрген соң олар да демеп жіберуге дайын тұрар еді» деп.

Жүргізушілерге құлаққағыс

– Қоғамдық көлік демекші, өткенде бір автобус жүргізушісі есік көзінде тұрған қоларбадағы адамды «көтерісіп, кіргізіп жіберсеңіздер» деп өтінді жолаушылардан. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Қазір мегаполис автобустары түбегейлі жаңарған, қоларбадағы адамның қоғамдық

көлікке кедергісіз кіруіне, түсуіне ыңғайластырылып жасалған заманауи құрылғысы бар. Бірақ көп жүргізуші автобуска кіруге ыңғайланып тұрған арбадағы адамды көріп тұрса да жүгіріп келуге құлықсыз. Олар есіктің табалдырығында орналасқан темір қақпашаны ашып, қоларбадағы адамды сүйемелдеп жіберуге міндетті. Бірақ көбі жолаушыларға сілтей салады. Ал жолаушылар үстінде адам отырған арбаны екі жақтап асығыс күшпен көтере жөнелгенде сынып кетуі де мүмкін. Тіпті, қоларбадағы адам аударылып қалам ба деп есі шығады. Маған «аялдамада қоларбада отырған мені байқаған автобус жүргізушісі тоқтамай кетті» деп көп адам хабарласады. Мүгедек жандардың айналасына масыл болғысы келмей, үйінен ұзап шығуға құлықсыздау болатыны сондықтан.

Ал сыртқы ортамен байланысы үзілген, төрт қабырғада қамалып отырған адамның жүйкесі де сыр беріп, күйзеліске ұшырайды. Ол өзі дағдарысқа ұшырап қана қоймай, отбасы мүшелерінің де мазасын қашырады. Сондықтан олардың үйден ұзап шығуы маңызды мәселе. Үйден шыққан соң жұмыспен қамтылуы да өзекті. Шаңырағына аздаған табысын әкеліп жатса, ол да шабыт береді. Егер жұмыс табылмаған күнде, дүкеннен нан алып қайтуы, кино, театрға баруы, елмен амандасып, жүздесіп қайтқанының өзі оған күш-қуат береді, өзін кедергісіз, қоғаммен тең өмір сүріп жатқанын сезінеді.

Сондықтан менің ой-ұсынысым: автобекет басшылары жүргізушілерді қоларбадағы адамның автобуска кіріп-шығуына көмектесуін міндеттеп, сол үшін көтерме сыйақы төлеп отырса. Оның үстіне бір-біріне қолұшын созып, көмектесіп жатқан іс-әрекеттер айналамыздағы жастарға үлгі болар еді. Бұл да жеткіншектерге адамгершіліктің үлгісін көрсетудің бір қадамы іспетті ғой.

Құлықсыздық та – рухани кемтарлық

– Мемлекет басшысының инклюзивті қоғам қалыптастыру туралы айтып келе жатқанына біршама уақыт болды, бірақ басқаны айтпағанда, пандус мәселесінің өзі түпкілікті шешілмеген. Неге? Не жетпейді?

– Мен, мысалы, үйдің маңындағы сауда нүктелеріне кірмеймін. Себебі, пандусы жоқ немесе «бар» болғанның өзінде қолайсыздау жасалған, ішке кіру мүмкін емес. Сол сияқты, үйдің жанындағы емес, бес-алты аялдама алыс орналасқан шаштаразға барып шаш қидыртамын. Себебі, ол нысанға ешкімнің көмегінсіз кіріп-шығу оңай. Кейде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жағдай жасалмаған кәсіпкерлік нысандарға кіріп, «неге бұлай?» деп сұраймын. Сонда «бізге мүгедек адамдар мүлдем келмейді» деп жауап береді. Қалай кіреді, егер сіз мүмкіндік жасап қоймасаңыз? Міне, біздегі көзқарас осындай, өкінішке орай.

Мен мониторингтік рейдтерге сарапшы ретінде жиі қатысамын. Бір оқиға әлі күнге есімде. Стоматология ғимаратына кірдік. Пандус атымен жоқ. Тісін емдеткісі келетін қоларбадағы адам мүлдем бас сұға алмайды деген сөз. Ал Мемлекет басшысының тапсырмасы – кез келген ғимарат мүгедектігі бар адамдарға кіруіне, шығуына қолайлы болуға тиіс. Яғни о баста нысанның сызбасы

жасалғанда осы мәселе ескерілуі қажет. Әлгі жекеменшік стоматологиядан жүз метр ғана ұзаған шығармын, телефоным шырылдап қоя берді. Иесі екен. «Сіз қазір ғана шыққан стоматологияға ешқандай құжат толтырмай-ақ қойыңыз» деді. «Неге?» деймін. «Сіз менің аты-жөнімді интернеттен терсеңіз, кім екенімді білесіз» деді. Міне, біздің қоғамда осындай адамдар да бар. Сіз «не жетпейді?» деп сұрадыңыз ғой жаңа ғана, бізге адами қарым-қатынас, мейірім, жанашырлық деген құндылықтар жетпейді. Мүгедектер құқығымен санаспау, құлықсыздық та рухани кемтарлыққа жататын шығар, бәлкім.

«Еститін мемлекет»

– Кедергісіз орта жасамаған мекемеге қандай жауапкершілік қарастырылған?

– Мониторинг кезінде әлгіндей оқлық анықталса, сын-ескертеп қалдырамыз. Келесі айналып келгенімізде одан қорытынды шығармаған болса, айыппұл төлету туралы ұсыныс енгіземіз. Үшінші тексерісте тағы орындалмаса, айыппұл мөлшері екі еселе-неді. Өкінішке орай, оған да еті үйреніп алғандар кездеседі. Әрине, бәрі құлықсыз деуден аулақпын. Кейбір мекемелердің басшылары нысанды салуды жобалағаннан-ақ қағазын көтеріп алып, «қай жеріне, қай тұсына нені, қалай орнатуға болады» деп, кеңес сұрай келеді. Бұл орайда адамға, қоғамға, өзіне деген көзқарас өзгермей, ештеңе өзгермейді.

Шын мәнінде, Алматыда көп жұмыс атқарылуда. Бізге қызығатын, сіздерден үйренетін нәрсе көп дейтін әріптестерім бар басқа өңірлерге барған сапарларыма. Өзіміз тұрмақ, мына тұрған Ресейдегі әріптестер қызығады. Конференцияларда баяндамады ыңдап болғаннан кейін «мынаны қалай істедіңіздер?» деп сұрап жатады. Сол кезде кеудемді мақтаныш кернеп, бөтен елде мемлекетім үшін еңсемнің тіктеліп қалатынын жасырмаймын.

Біздің қала инфрақұрылымының деңгейі жақсы. Жол қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастыруды, автомобиль жолдарын салу және жөндеу, жол инфрақұрылымы салаларын жүзеге асыратын Алматы қалалық мобилділік басқармасы жүйелі түрде жұмыс істеуде. Мысалы, мынау қоларбамен дәл осы Төле би көшесінен сонау «Сайранға» дейін еш қиындықсыз ақырын аяңдап бара аламын. Кейде сенбі, жексенбіде өзім жеңіл көлігіммен де, қоларбамен де қала көшелерімен жүріп өтетінім бар. Тротуарлардың жағдайын көзбен көру үшін. Олқылықтарды байқасам, дереу аудан әкімдігіне хабарласамын. Дұрыстаймын деген үдесін алмай тынбаймын. «Еститін мемлекет» демекші, сыннан бірден қорытынды шығаратындар да жоқ емес.

Бізде қоларба, түрлі аппараттар, балдақ, гигиеналық бұйымдар дейсіз бе, бәрі қолжетімді. Мысалы, мына электрлі қоларбаны төрт жылда бір рет жаңартып береді. Аккумуляторының өзі екі жүз-үш жүз мың теңге тұрады, қуаты өшіп қалса, тегін ауыстырып береді. Үкіметтің бұл жағынан көмегі ерекше.

Арманы орындалған бала

– Шетелге жиі шығамын деп қалдыңыз. Басқалар да білсе дейтіндей есте қалған жақсы оқиғаларыңыз бар шығар бәлкім, айта отырсаңыз?

– Бірде Өзбекстанға барған сапарымда сондағы балалар үйінің өкілі жәудіркөздерге мотивациялық дәріс оқысаңыз деген өтініш айтты. Сонда мен жүз баланың алдында өз өмірімнен сыр шерттім. Тоғыз айлығымда аяқастынан ауырып, жұлынға функция жасалып, ота сәтсіз өткенін баяндадым. Денсаулығымдағы кінәратпен есімді білер-білмес шақтан, әрі балалық шағым бауырларымның, достарымның ортасында велосипед теуіп, доп қуалап, ойынға қанып өскендіктен, өзімді ешқашан мүгедек сезінген емеспін. Бала күнімде сәулетші болуды қатты армандадым.

Алматыға қиялыммен зәулім, әдемі үйлер тұрғызып тастайтынмын. Алыс жолға шығатын үлкен көліктерді тізгіндегім келетін, жер-әлемді араласам деген арманмен де өмір сүрдім. Мені мұғалімдер үйден оқытты. Негізгі пәндерден ғана білім алдым. Ал сызу сабағын өтпедім. Сондықтан сәулетші болсам деген арманым жол жоқ болып көрінді. Ата-анам мені емдетеміз деп жиырма жасыма дейін талай жерге апарды. Болмады. Сөйтіп, аяғымды басып жүре алмағандықтан темір тұлпар мінсем деген арман да алыста қол бұлғап қалғандай. «Бірақ балалар, мен екі мақсатыма да қол жеткіздім!» дедім лекцияда. «Қалай?» деді сұрауыл көздер.

Мен қазір мүгедектер қоғамы бірлестігінің төрағасы, жалпы инклюзивті ортаның сарапшысы ретінде қала ғимараттарын жиі аралаймын, мүмкіндігі шектеулі жандар игілігі үшін жасалатын тротуардың, баспалдақтың, пандустың, жеделсатының, әжетхананың да қалай орналасуы керектігі, мүгедек адамның нысанға кіріп келе жатқанда оның кіріп-шығуына қай тұстан қолайлы болатыны туралы кәсіби тұрғыда кеңес беріп жүремін. Мұның да сәулет өнеріне қатысы бар.

Ал алыс жолдарға шығатын көлікті тізгіндемесем де, қазір атқарып отырған қызметіммен әлемінің талай елін шарлап жүрмін. «Джипім» бар, оны да өзім жүргізе аламын. Адам алдына тек шын мақсат қоя білуі, табанды болуы, өмірді сүюі, өзін риясыз құрметтеуі керек. Кімнің қандай дәрежеге жетуі – өзгенің емес, өзінің ғана қолында. Мен балаларға осылай дедім. Олардың көзінен қуанышты, сенімді көрдім.

«Әкеммен көбірек уақыт өткізер едім»

– Өміріңізді ең басынан қайта сүру мүмкіндігі туса, нені өзгертер едіңіз?

– Өмірімнен сызып тастайтындай ешбір өкінішім жоқ. Аяулы анам жанымда, сүйікті жарым, балаларым бар. Немере сүйдім.

Дегенмен, әкеммен бала күнгі қарым-қатынасымды түзер ме едім деп ойлаймын, кей-кейде. Әкем ерте кетті. Маған ешқашан мүмкіндігі шектеулі балам деп аяп, мәпелеп қараған емес, бауырларыммен тең өсірді. Керек жерінде шыбықпен шықпыртып та алатын. Соның астарын кейін есейгенде түсіндім ғой.

Жазғы демалыста нағашы ата-әжем ауылға алып кететін, атқа мінгізетін, қазіргі иппотерапия деп жүргеніміз сол. Әкем великке үш аяқты етіп қолдан дөңгелек салып беретін. Мені бүгінгідей толыққанды өмір сүріме барлық жағдайды жасаған сол жандарға өмір бойы алғыс айтып өтермін. Иә, сол шағым қайта оралар болса, әкеммен көбірек уақыт өткізер едім деп ойлаймын.

БӘРЕКЕЛДІ!

МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполистегі денсаулық сақтау жүйесінің үздік өкілдерін марапаттау рәсіміне қатысып, медицина қызметкерлеріне мамандығына адалдығы мен жоғары кәсібилігі үшін алғысын білдірді.

— Алматы Қазақстанның медицина саласындағы флагманы екені сөзсіз. Мұнда жетекші клиникалар мен ғылыми орталықтар шоғырланған, әрі болашақ дәрігерлер даярланады. Жалпы, ана мен бала өлімі көрсеткіштерін төмендету, әлеуметтік маңызы бар ауруларға ерте диагностика жасау бойынша мегаполис республикалық деңгейден озық келеді, — деді шаһар басшысы.

Алматы қаласының әкімі атап өткендей, 2030 жылға дейін шаһарда 32 жаңа денсаулық сақтау нысанын салу және 14 қолданыстағы нысанды жаңғырту жоспарланған. Қазірдің өзінде үш отбасылық дәрігерлік амбулатория мен бір емхана пайдалануға берілді. Былтыр халықаралық стандарттарға сай жаңа операциялық блогы бар Балалар шұғыл жәрдем орталығы қабылдау бөлімінің жаңа корпусы іске қосылды. Бұған қоса, амбулаториялық деңгейде цифрлық шешімдер енгізілуде. Айталық, Face ID, әлеуметтік әмиян, дәрігерге жазылу және талдаулар



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

нәтижесін алу бойынша электронды сервистер жұмыс істейді. Алматы — елімізде алғашқы болып «Фетальді хирургия» пилоттық жобасын жүзеге асырған қала. Бұл жоба құрсақтағы ұрыққа тумай тұрып аз инвазивті әдістермен ота жасауға мүмкіндік береді.

Маңызды жетістіктердің бірі — қалалық кардиологиялық орталықта аорталық қақпақты транскатетерлік имплантациялау бойынша TAVI-орталықтың ашылуы, Орталық қалалық клиникалық ауруханада Қазақстанда алғаш рет донорлық қасаң қабықты трансплантациялау отасы жасалды. №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында нейронавигациямен нейроэндоскопиялық операциялар жасалуда. «Денсаулық сақтау жүйесінің басты күші — адамдар, яғни саладағы дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер, санитарлық қызметкерлер», — деп атап өтті Дархан Сатыбалды.

Республика сарайында сән-салтанатпен өткен мерекеде мемлекеттік және ведомстволық наградалар табыс етілді. Оларды өз өмірін Алматы медицинасының дамуына арнаған дәрігерлер, медбикелер, бөлімше және қызмет басшылары иеленді. Ақ халатты абзал жандардың құрметіне отандық эстрада жұлдыздары ән-жырдан шашу шашты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Күлжахан НҰРИЕВА, №17 қалалық емхана дәрігері, еңбек өтілі 36 жыл:

Мерейім өсіп қалды

Мен осынау төл мерекемде «Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің үздік дәрігері» номинациясын иеленіп, мерейім өсіп қалды. Осынау жылдар ішінде бірнеше буын ауысты, маған қазір бір кездері өзім емдеген жандардың балалары келе бастады. Мен үшін бастапқы көмек, бұл — жылдар бойы жиналған сенім. Бұл марапат менің еңбегіме, маған сеніп отбасыларының дәрігері ретінде таңдаған жандардың алғысының белгісі.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ҚАЛҚАНША БЕЗІ ағзада маңызды рөл атқарады

Алматыдағы №36 қалалық Емхананың эндокринолог-дәрігері Жаклин Ермұратова қалқанша безінің қалай пайда болатыны, белгілері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

— Қалқанша безіндегі ақау көбіне біртіндеп пайда болады және алғашқы кезде өзгеріс байқалмауы мүмкін. Алғашқы белгілерінің бірі — кенеттен себепсіз салмақ жоғалту. Бұл, әсіресе, гипертиреозға қатысты, мұндай жағдайда без тым көп гормон шығарады, метаболизмді тездетеді және салмақ жоғалтуды тудырады. Гипертиреоз жүрек соғу жиілігінің және қан қысымының жоғарылауына да әкелуі мүмкін. Бұл жүрекке ауыр зардап әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, гипертиреозға тән белгілердің бірі — ыстыққа сезімталдықтың жоғарылауы. Іші салқын бөлмеде немесе суық мезгілде адам өзін ыстық сезініп, қатты терлеуі мүмкін. Бұл — организмдегі алмасу процесінің жеделдеуіне байланысты.

Бұлшықет әлсіздігі мен шаршау — қалқанша безі ауруларының тағы бір жиі кездесетін симптомы. Гипертиреозбен ауыратын

адамдар бұлшықет ауырсынуын сезінуі мүмкін және тіпті сәл қимылдап жұмыс істесе болғаны, бірден шаршайды.

Қалқанша безі гормондары жүйке жүйесінің жұмысымен тығыз байланысты. Гормон деңгейінің жоғарылауына байланысты жүйке жүйесі қозғыш келеді. Ауыздың құрғауы және қалыпты емес ішек қозғалысы да қалқанша безі проблемасын көрсетуі мүмкін. Ұйықтауыңыз қиындап немесе түнде жиі ояна беретін болсаңыз, бұл да қалқанша безінің ақауына байланысты болуы мүмкін. Егер сіз бұл аталған белгілердің бірнешеуін байқасаңыз, қандағы қалқанша безі гормондарының деңгейін анықтау үшін сынақтар тағайындайтын дәрігердің алдынан табылғаныңыз жөн. Сондай-ақ, органның жағдайын бағалау үшін ультратрадыстық зерттеуден өткен абзал.

Қалқанша безі зат алмасуды реттейді, энергия деңгейін бақылайды және көптеген өмірлік маңызды функцияға жауап береді. Дегенмен, кез келген басқа жүйе сияқты, ол сіздің жалпы денсаулығыңызға теріс әсер ететін түрлі ауруға бейім болуы да мүмкін.

КАРДИОЛОГИЯ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Мегаполисте жүректің өткізгіш жүйесіне электродтарды имплантациялау бойынша шеберлік сабағы өтті



Алматыдағы Кардиология Орталығы ұжымының заманауи инновацияны енгізуге және жаңа аритмологиялық технологияларды дамытуға қосып жүрген үлесі зор.

Жуырда осы іргелі орталықта жүректің өткізгіш жүйесіне электродтарды имплантациялау бойынша екінші оқыту шеберлік сағаты өтті. Іс-шара ҚКО-тың интервенциялық аритмологы, доктор Артур Қаныбекұлының жетекшілігімен, BIOTRONIK және MEDCO компанияларының қолдауымен ұйымдастырылды.

Шеберлік сағатына алматылық дәрігерлермен бірге, еліміздің басқа өңірлерінен де мамандар келіп қатысты.

Іс-шараның мақсаты — дәстүрлі кардиостимуляцияға балама ретінде АҚШ пен Еуропаның озық клиникалық тәжірибесінде белсенді қолданылатын инновациялық технология — жүректің өткізгіш жүйесін (Conduction System Pacing, CSP) ынталандыру әдістемесін оқыту. CSP жүректің физиологиялық белсендірілуін қамтамасыз етеді және пациенттердің клиникалық нәтижелерін жақсартуға көмектеседі.

Екі күндік білім беру бағдарламасында әдістеменің негізгі принциптері мен техникалық ерекшеліктерін қамтитын теориялық бөлім; жүрек муляжында практикалық оқыту; заманауи имплантацияланатын кардиостимуляторлармен және кардиовертер дефибрилляторларымен біріктірілген CSP имплантациясын қолдану арқылы жүргізілген төрт клиникалық процедура қамтылды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 13 маусымдағы
№2/262-843 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2126 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2126 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2) Алимжан Рахимович Садыкбеков, Гульзат Муратовна Данекеевалардың, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Речка Казачка көшесі, 14-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-043-183) ауданы – 0,0813 га.»

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына:

2025 ж. 19 маусым сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к-сі, 308-үй Ду800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш.ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш.ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш. ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш.ауданы, «Ақсай-2» ықш.ауданы, Саин к. (Төле би және Каболов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефоны арқылы алуға болады.

Алмалы ауданының **«Ten Qogam»** мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378-88-04.
Instagram: tenqogam.almaly.2025

«E-otinish» ақпараттық жүйесінің өзектілігі мен маңыздылығы және шағым жасау тәртібі

Бәрімізге белгілі, қазіргі уақытта мемлекетімізде цифрлық платформалар кеңінен дамып жатыр. Соның бірі «E-otinish» ақпараттық жүйесі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2021жылдың 1 шілдесінен бастап «E-otinish» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Осыған байланысты азаматтардың арыз-шағымымен жұмыс істеу жүйесі де өзгерді. Енді азаматтардан келіп түскен бірде-бір жолданым тіркелусіз және жауапсыз қалмайды.

«E-otinish» ақпараттық жүйесі жолданымдарды мемлекеттік органдардың құзыретіне қарай автоматты түрде бөледі және өтініш берушіні жолданымдарды қараудың барлық кезеңдері мен мерзімдері бойынша хабардар етеді және де жолданым берушімен кері байланыс орнатуға, мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 76-бабына және 99-бабына сәйкес, келіп түскен арыз, үн қосу, сұрау, хабар және де ұсыныстар 15 жұмыс күннің ішінде, ал шағым 20 жұмыс күнде қаралып жауап берілуге міндетті.

Сонымен бірге, «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы барлық мемлекеттік органдар оқиғалардан хабардар болып, азаматтардың қажеттіліктері мен тілектерінің нақты көрінісіне сүйене отырып, жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік алды.

Қызметті пайдалану үшін электрондық үкімет порталына кіріп, «E-otinish» ақпараттық жүйесінің баннеріне өту қажет. EGov сервисінен басқа, «E-otinish» қосымшасы Aitu мобильді сервисінде және eGov mobile-да қолжетімді. Сондай-ақ, сервисті Халыққа қызмет көрсету орталығында жолданымдарды қабылдау орталығында пайдалануға болады. «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы жіберілген барлық жолданымдар электрондық цифрлық қолтаңбамен расталуы тиіс.

«E-otinish» ақпараттық жүйесінің ерекшелігі сол, әрбір азамат өзінің өтініші қайда, қандай мекемеге жолданғанын, қай кезде қаралғанын жүйе арқылы қарап, бақылай алады.

Сондай-ақ, арыз-шағымына деген мемлекеттік мекеменің жауабын бағалауға да мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, жүйеде жолданым тіркелген азаматтарға SMS-хабарлама арқылы арыз-шағымының қаралу кезеңдері туралы хабарламалар жіберіледі. Оның қаралу тарихы жүйеде сақталады және мемлекеттік орган бұрын қандай шешім қабылданғанын саралай отырып, әкімшілік іс қалыптастыра алады.

Егер өтініш иесі берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91-бабына сәйкес, жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы және әрекетсіздік белгілі болған күннен бастап 3 ай мерзімінен кешіктірмей берілу қажет.

Шағым жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда беріледі.

Шағымды қарайтын орган шағымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

*#заң_және_тәртіп
#закон_и_порядок*



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СУЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.


КӨРМЕ

БЕКЗАТ ӨНЕР ӘЛЕМІ

*өркениет, ұрпақ және уақыт арасындағы
үндестік идеясын баяндайды*



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде отандық суретші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Нәлли Бубэнің «Мәдениет диалогы. Шығыс – Батыс» атты мерейтойлық көрмесі ашылады.

Нұржамал
ӘЛІШ

Сексеннен астам картина ұсынылатын бұл көрме қазақстандық шебердің жарты ғасырдан астам шығармашылық жолын қамтитын ауқымды өнер жобасы. Экспозицияда кескіндеме, графика, коллаждар, объектілер мен станоктық туындылар ұсынылмақ. Барлық жұмысын өркениет, ұрпақ және уақыт арасындағы үздіксіз диалог идеясы біріктіреді. Автордың туындыларында үш негізгі тақырыптық желі анық байқалады: мәдени сабақтастық, экологиялық мәселелер және метафоралық тереңдік пен пластикалық көркемдікке толы «Киелі кітап» желілері.



Нәлли Бубэ үшін «Шығыс – Батыс» көпір емес, бір кеңістікте қатар өмір сүру ұғымы. Ұлы Жібек жолына арналған серия – географиялық карта емес, мәдени алмасу туралы поэтикалық шығарма, Еуропа, Азия мен Қытай халықтарының бейбіт бірлесе өмір сүру рухын жырлайтын көркем туынды.

Экспозицияда түркі халықтарының мәдени және рухани құндылықтарына арналған шығармалар да бар.

«**СӘУКЕЛЕ**» композициясында онтологиялық үшқабатты әлем – жер асты, жер беті және аспан архаикалық бас киімнің пішінінде тоғысып, болмыстың әмбебап моделіне айналады.

«**ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ**» атты туындыда үлкен қазан бейнеленген; оның айналасында қонақтар әңгімелесіп, той иелері мерекелік әзірлік үстінде отырған сәтін көреміз. Бұл туындыда қазан – көшпелі өмір салтының ең асыл қонақжайлық дәстүрлерінің ғана емес, Қазақстанды мекендейтін халықтардың бірлігі мен ынтымағының да символы ретінде көрініс табады.

«**ҚОБЫЗ**» – қазақ музыкалық мәдениетінің нышаны, авторлық абстракт стилінде бейнеленген.

«**ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ**» портреті – көшпенді әйелдің жинақталған, символикалық бейнесі.

«**КӨПҚЫРЛЫ АЗИЯ**» атты диптих та көрмеден орын алған. Онда елімізді мекендейтін сан алуан ұлт өкілдерінің бейнелері топтастырылған. Бұл тақырып – автордың көп жылдан бергі шығармашылық қызығушылығының арқауында дамып келе жатқан бағыттарының бірі, ол көптеген портреттік нобайларда да ерекше көрініс тапқан.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анжелика АҚЫЛБЕКОВА,
Музей қызметкері, көрме жетекшісі:

Терең ойға жетелейтін өнер

Нәлли Бубэнің шығармашылығы – тірі, үнемі жаңарып, дамып отыратын форма. Ол қоршаған дүниені қабылдап, онымен сұхбаттасып, көрерменге шабыт сыйлайтын қуатты көркемдік құбылыс. Оның картиналарынан көшпелі дәстүрлердің жаңғырығы, заманауи әлемнің алаңдаушылықтары мен рухани тепе-теңдікке ұмтылыс айқын сезіледі. Автор үшін «Мәдениеттер диалогы» – бұл жәй ғана риторикалық ұғым емес, көрерменді терең ойға жетелейтін өнер. Нәлли Бубэ жазып қана қоймайды, ол біздің әлеммен, болашақпен және әрқайсымызбен сұхбат құратын суретші.